

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 18 мамыр 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2025 жыл қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеу мәселесі 2026 жылғы 28 мамырда өтетін акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында қаралады

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың интернет-ресурсында (https://kaztransoil.kz/kz/akcionerler_men_investorlarga/akcionerlerdin_zhalpi_zhinalisi/) 2026 жылғы 28 мамырға тағайындалған «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының материалдары жарияланды.

Атап айтқанда, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2025 жылға арналған таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және бір жай акцияға есептелген дивиденд мөлшерін бекіту мәселесі бойынша акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында төмендегіні бекіту ұсынылады:

- 2025 жылдың қорытындысы бойынша алынған 56 606 539 000 теңге мөлшеріндегі таза табысты бөлудің келесі тәртібі: 45 386 115 682 теңге сомасын дивидендтер төлеуге бағыттау, ал қалған 11 220 423 318 теңгені бөлмей, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың иелігінде қалдыру;
- 2025 жылға арналған бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін 118 теңге көлемінде бекіту.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі 2026 жылғы 5 маусым сағат 00:00-дегі жағдай бойынша тіркелсін.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеудің басталу күні 2026 жылғы 11 маусым болып белгіленсін.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие және жалпы ұзындығы 5 мың км-ден асатын сырт ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**